


ҚАЗАҚ САРЫГІ

РОДЬ  
БАҒЫН



Archaeological Library of Kazakhstan



Халық

— ұлттық сана қайнары

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІНІЦ  
ҚҰРМЕТ ОРДЕНДІ  
ФЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
«ҚАЗАҚСТАН МЕКТЕБІ»  
ЖУРНАЛЫНЫҢ ЕКІ АЙДА  
БІР ШЫҒАТЫН ҚОСЫМШАСЫ

ҚАҢТАР-АҚПАН

1993 жылдың  
шілде айынан  
бастап шығады

№1, 1997

“Фылым ордасы” РМК  
Фылым кітапхана



P 0366070

### АҚЫЛДАСТАР КЕҢЕСІ:

**Мөлік АСЫЛБЕКОВ,**  
тарих ғылыминың докторы,  
ҰҒА корреспондент мүшесі

**Нариман БАЙҒАБЫЛОВ,**  
тарих ғылыминың кандидаты,  
доцент

**Камал БҮРХАНОВ,**  
тарих ғылыминың кандидаты,  
доцент

**Мәмбет ҚОЙГЕЛДИЕВ,**  
тарих ғылыминың докторы,  
профессор

**Кеңес НҮРПЕЙІСОВ,**  
тарих ғылыминың докторы,  
ҰҒА корреспондент мүшесі

**Мәдениет МӘЖЕНОВА,**  
тарих пәні мұрахімі

**Талас ОМАРБЕКОВ,**  
тарих ғылыминың докторы,  
профессор

**Самат ӘТЕНИЯЗОВ,**  
тарих ғылыминың кандидаты

**Зейнолла САМАШЕВ,**  
тарих ғылыминың кандидаты

**Абай ТАСБОЛАТОВ,**  
тарих ғылыминың кандидаты,  
генерал-майор

**Әбү ТӘКЕНОВ,**  
тарих ғылыминың докторы,  
профессор

**Тотай ТҮРЛÝҒҰЛОВ,**  
педагогика ғылыминың кандидаты


**Оразақ ЫСМАҒҰЛОВ,**  
тарих ғылыминың докторы,  
ҰҒА корреспондент мүшесі

Қосымша редакторы — Әбділдабек САЛЫҚБАЕВ

### РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:

Сайраш ӘБІШЕВА — бас редактор  
Құлтөлеу МҮҚАШЕВ — бас редактордың бірінші орынбасары  
Гүлназ БАЛАБЕКОВА,  
Құрманғазы БЕКСАЙЫНОВ,  
Қабділрашид ҚАЙЫМ,  
Қайырбек ШАҒЫРОВ

1



## МАЗМУНЫ

<b>М. Қозыбаев</b>	
1986. Желтоқсан: дакпырт және шындық .....	3
<b>К. Данияров</b>	
Мұңғылтану және Шыңғыс хан тарихы .....	10
Деректер терең талдауды қалайды .....	14
<b>С. Сұнгатай</b>	
Ежелгі Үйсін ұлсы — казак мемлекетті- лігінің қайнар бастауы .....	17
<b>Е. Серимов</b>	
Замахшари туралы бірер сез .....	21
<b>К. Байпаков</b>	
Сауран .....	26
<b>А. Отыншиев</b>	
Онтүстік Казакстандағы саяси- үйымдастыру жұмыстары .....	31
<b>Л. Иісова</b>	
Поляктар казак жеріне қалай келді? .....	35
<b>Р. Елмұрзаева</b>	
С. Сөдукасов тұсындағы бастауыш және орта білім .....	38
<b>Л. Нұргалиева</b>	
Казак баспасөзі — тарих «актандактары» туралы .....	42
<b>Н. Жұсіпов</b>	
Едіге батыр және Едіге би .....	45
<b>Г. Жүгенбаева</b>	
Империяга карсы шыккан казак .....	49
<b>Т. Қудайқұлов</b>	
Арқабай палуан .....	53
<b>Р. Аблакова</b>	
Мериям Жагоркызы жөнінде не білеміз? .....	56
<b>С. Иманбаева</b>	
Жауынгерлік — ел салты .....	60
<b>Н. Нұғыманова</b>	
Ізденіс сабагы .....	64
<b>Р. Ахметова</b>	
Жарыс тесілімен менгерту .....	68
<b>К. Орақбаева</b>	
Күнтізбе тарихын оқытканда .....	69
<b>К. Сейіліов</b>	
Менің өлкем — атадан мирас ат маган .....	73
<b>Ә. Құлданбаева</b>	
Тарих кесегесін көгертертін — шындық .....	76
<b>Мәшінұр-Жүсіп Көпеев</b>	
Бұхар, Қоқан хандары туралы .....	78

Күрметті оқырманндар мен авторлар! «Қазақстан мектебі» журналы мен оның «Қазақ тарихы», «Биология және химия» қосымшалары редакциясына келіп түсken колжазбалар әдеби өндөледі. Бірақ автордың пікірі мен ұсынысы толық сакталады. Сондыктан авторлар жарияланылғандағы пікірлер мен ұсыныстар редакцияның түпкілікті көзқарасы болып табылмайды. Редакцияның жолданған материалдан сапасы, пайдаланылмау жөнінде жауап жіберілмейді, колжазба авторға кайтарылмайды. Материалдар көшіріліп басылған не пайдаланылған жағдайда «Қазақстан мектебі», «Қазақ тарихы», «Информатика-физика-математика» журналына сілтеме жасалады.



№ 1, 1997 жыл

**ПРИЛОЖЕНИЕ К НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКОМУ ПЕДАГОГИЧЕСКОМУ ЖУРНАЛУ «ҚАЗАҚСТАН МЕКТЕБІ» МИНИСТЕРСТВА ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**Техникалық редактор**  
**Гульгунчам ЭШМОВА**

**БІЗДІН ТУРАЛЫМЫЗ:**  
480004 Алматы қаласы,  
Абылай хан даңғылы, 34-үй

**ТЕЛЕФОНДАР:**  
бас редактор — 39-76-65  
редактор — 39-32-71

Теруге 25.12.96 жіберілді  
Басыға 27.01.97 көл қойылды  
Пішімі 70x1081/16  
Кағазы № 2 оғестепті  
Әріп түрі әдеби  
Шартты б. т. — 5  
Авторлық б. т. — 7  
Есептік б. т. — 7,16  
Шартты болулы  
бет таңбасы — 6,87  
Оғестепті басылым  
Бағасы 100 теңге  
Тараымы — 3415  
Индексі — 75748  
Тапсырысы — 3137

«Дәүір» республикалық  
газет-журнал басылды  
480044 Алматы қаласы,  
Достық даңғылы 2/4

Журнал «Қазақстан Республикасы  
Баспасөз және бұқаралық әкпарат  
министрлігінде 1993 жылы наурыз-  
дан 24-інде тіркеліп, № 1033  
куәлік берілген

Колжазба кайтарылмайды

© «Қазақ тарихы» № 1, 1997 ж.

**1994 жылғы ұздық журналистік  
жұмыстардың шығармашылық  
байкауының қорытындысы бо-  
йынша солтү шығармашылық  
ізденістері мен тартиымды жа-  
ғылыштары үшін «Қазақ тарихы»  
журналы «Қазақстан Жур-  
налистер одағының лауреаты  
дипломына ие болды.**



## ЕЖЕЛГІ ҮЙСІН ҰЛЫСЫ — ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ ҚАЙНАР БАСТАУЫ

Сагын СҮҢҒАТАЙ,

Ә. Марғұлан атындағы археология институтының аспиранты

Қазақ мемлекеттілігін қай кезден бастанған жөн деген мөселе тарихшы-ғалымдар арасында алуан түрлі пікірлер туғызып жүр. Олардың негізгілері мыналар. 1. Ежелгі Үйсін мемлекеттін бастау; 2. Батыс Турік қағанатынан бастау; 3. Шыңғыс хан және оның ұрпақтары құрган мемлекеттерден бастау; 4. Қазақ Хандығынан бастау.

Біз бірінші пікірді қолдай отырып, осы мөселенін бірнеше қырына талдау жасамақпyz.

Қазақтардың ең арғы ата-бабаларының қазіргі Қазақстан жерінде және оған көршілес аймақтарда құрган алғашқы көшпелі мемлекеттік бірлестіктері туралы мәліметтерді біз өзелі көне қытайдың тарихи жазба деректерінен табамыз. Көне Қытайдың «ші жи» (тарихи жазбалар), «Хань-шу» (Ханънаме), «Хоу-Хань-шу» (сонғы Ханънаме) қатарлы тарихи жылнама деректері бойынша б.з. д. III ғасырдан бастап қазіргі Қазақстан жерінде, атап айтқанда, Қаспийдің шығысы мен солтустігі және Арадың солтустігіндегі Ян-чай ұлысы (Алшын немесе Алан, Адай ұлысы болуы да мүмкін — авт); Онтүстік Қазақстан, Сырдария, Талас анғарлары мен Қаратау төнірегінде Қан-жүи (Қан-лы) мемлекеті; Шығыс және Онтүстік Қазақстан мен Ыстықкөл төнірегі және Шығыс Түркістанның солтустік болігінде У-сун (Үйсін) ұлысы; Шығыс Қазақстан мен Ал-

тай төнірегінде Ху-жие (Қыпшак) ұлысы сияқты көшпелі мемлекеттердің (көне Қытай тілінде «көшпелі мемлекет» деген сөз «Шин-Го» деп жазылған, «Шин» — қозғалмалы, көшпел, «Го» — мемлекет, ұлыс) болғандығы белгілі.

Аталған байыргы Қазақстандық ұлыстардың ішінде Үйсін ұлсының тарихи-саяси және мемлекеттік маңызы айрықша болған. Көне қазба деректер мен Үйсін ескерткіштеріне жүргізілген тарихи-археологиялық зерттеулердің нәтиже сі бізге ежелгі Үйсін ұлсысы б. з. д. II ғасырдан б. з. V ғасырына дейін Орта Азиядағы ең ірі, құдіретті мемлекеттердің бірі ретінде алты-жеті жуз жыл өмір сүріп, ез кезеңінде Еуразия тарихында елеулі саяси рөл атқарғандығын, онын бүгінгі қазақ халқының этникалық тегі, көшпелі мал шараушылығы мен дәстүрлі мәдениетінің, әсіреле қазақтың ежелгі көшпелі мемлекеттілігінің қалыптасып, кемелденуіне орасан зор үлес қосқанын көрсетеді. Бұл пікірдің дұрыстығына толық көз жеткізу үшін мөселені төмендегідей ер қырынан талдаған жөн.

Көне Қытайдың тарихи жазбаларына жүгінсек, б. з. д. Қытайлық ұғымдағы «Батыс өнірдегі» күллі мемлекеттер ішінде «Үйсіндер ең күшті мемлекет, Үйсін ұлсында 120 мың тұтін, 630 мың жан, 188800 сайлауыт әскер болған»<sup>1</sup>. Үйсін ұлсының жан саны мен әскер саны сол

1 — Хань-Шу. Ше-Иүй-Жуань. (Ханънаме. Батыс өнір шежіресі) || бөлім.

2. «Қазақ тарихы» №1, 96.

кездеңі Батыс өнірдегі Үйсіннен өзге 40 мемлекеттің жан саны мен өскер санының жиынтығынан екі есе асып түсін. Бұл мәліметтердің кейбір тарихшылар, сонымен бірге Қазақ тарихнамасының кейбір академиялық басылымдарының өзі нағымсыз деп есептеген<sup>2</sup>. Алайда біз Қытай жылна-маларындағы Үйсіндердің бір емес, бірнеше кезеңдердің демографиялық жағдайна қатысты мәліметтерге талдау жасасақ, бұл деректердің нағымдылығына көз жеткізіміз. Жоғарыдағы демографиялық мәліметтерге есептеу жүргізудің нәтижесі әрбір Үйсін отбасында 5,25 жан, елдегі әрбір 3,5 адамның біреуі немесе ұлыстағы халықтың 28,5 проценті салт атқа мініп, қару асынған сарбаз болғанын көрсетеді. Демек, бұл жағдай ежелгі жауынгер, көшпелі ұлыстың тарихи-әлеуметтік болмысына сай келеді. Үйсін ұлысының жан санының 630 мыңға, тутін санының 120 мыңға, өскерінің 188 мыңға жеткен тұсы б.з. д. I гасырдың соны. Ал, б.з. д. II гасырдың аяғында Үйсін ұлысына елшілікке келген Хань империясының мәмілегері Жан Чиян Үйсін ұлысының 3 иелікке белінгенін, әр иеліктің билеушісінде 10 мындан астам сарбазы болғанын жазады. Жоғарыдағыдай демографиялық есептеу бойынша бұл кездे Үйсін ұлысында 30 мындан астам сайлауыт өскер, 21 мың тутін, 105 мың адамы болған. Ал, б.з. д. 73 жылы Хань империясы мен Үйсін ұлысы өскери одақ жасап, Ғұндарга қарсы соғыспакшы болған кезде Үйсін күнбі Хань императорына «Ұлыстағы сайлауыт өскерінің жартысын, яғни 50 мың салт атты сарбазымды соғысқа аттандырамын» — деп, хат жіберген<sup>3</sup>. Демек, жоғарыдағыдай есептеу бойынша бұл кезде Үйсін еліндегі 100 мындаі сайлауыт өскер болған. Осы бойынша есептесек, Үйсіндердің жан саны бұл тұста шамамен 350 мың, тутін саны 70 мың болған. Тұтқылдан келген апат немесе жаңадан әл мен жерді басып алудың нәтижесін есептемесек Ежелгі Үйсін мемлекеттің демографиясын салыстырмалы турде былай шыгаруға болады:

уақыты	жан саны	тутін саны	сайлауыт өскер саны
Б. з. д. 119 жыл	105 000	21000	30 000
Б. з. д. 73 жыл	350 000	70 000	100 000
Б.з.д. I гасыр- дың басы	630 000	120000	188 800

Бұл мәліметтердің салыстырғанымызда Үйсін ұлысының екі гасырлық тарихи кезеңдердің демографиялық өсімінің динамикасын айқын аңғарамыз. Біздінше, ежелгі Үйсін ұлысында арнаулы сайлауыт өскердің жасақталуы мемлекеттіліктің айқын бір белгісі болып табылады.

Ежелгі Үйсін ұлысының ту тіккен жері — Іле аңғары мен Жетісү — Еуразияның қолқа жүрегі, байырғы Улы Жібек жолындағы тоғыз жолдың торабы. Оның үстінен табиғаты мен климаты малшылыққа да, егіншілікке де аса қолайлыш. Сондықтан да Үйсін ұлысының мал-жаны тез көбейіп мемлекеттің қуаты ерекше күштейген. Ұлыстың астанасы болған Қызыл-Чын қаласы археологиялық жағынан әлі толық дәлелденбесе де, жазба деректер бойынша Ыстықкөл тәнірегінде болған деп топшыланады, сондай-ақ ол өз кезінде Орта Азиядағы елеулі халықаралық саяси орталық және сауда пункті болған. Сол деуірдегі Улы Жібек жолындағы халықаралық саудаға иелік етуге және Орталық Азияның егінші-отырықшы аймақтарына билік жүргізуға таласып, бір-бірімен ұзак уақыт жауласқан ірі державалар — Хань империясы мен Ғұн тәніркүттігі бірдей Үйсін ұлысымен тен дәрежелі мәмілегерлік қарым-қатынас орнатып, онымен өскери-саяси одақ құруға мүдделі болған. Осындағы тарихи-саяси және гео-стратегиялық игі факторлар Үйсін ұлысының Еуразия елдері арасындағы саяси рөлін, мемлекет беделін арттырган.

Көне Қытай деректері бойынша Үйсін ұлысында мемлекеттіліктің негізгі белгісі — толыққанды өкімет билігі және шен иерархиясының біршама күрделі жүйесі болған.

2 — Қазақ ССР тарихы. I том, А. 1980, 298-6.

3 — Ван Минжы, Ван Бинхуа: У-Сунь Янь-Жю (Үйсін туралы зерттеулер) Үрімші, 1983, 47-6.

Оларда мемлекеттің ең жоғарғы басшысы Құнъмо немесе Құнъми — ескі түркі тілінде Құнбек немесе Құнби. Оның өзі ежелгі кешпелілер идеологиясы бойынша билеушілерді жоғары билікке жеткізетін шамандық күш немесе көк тәнірі тарарапынан жаралып, тұмысынан билікке ие болды дейтін тәнірлік үғымнан туған. Сонымен бірге дүние жүзінің көптеген елдерінде күні кешеге дейін болған мемлекеттік биліктің өмір сүруінің алғы шарттарының бірі ретінде Құнбіліктің де мұрагерлік сипаты сақталған. Мұнан тыс Үйсін ұлысында Құнбиден кейінгі жоғары мемлекеттілік билік лауазымдары 9 дәрежеге болған, оны 15 адам атқарған. Олардың Қытай жазуында хатқа түсken есімдері мен лауазымдарының ескі Үйсін немесе қоңе түркілік мән-мағынасын қалпына келтіру туралы зерттеулер өз нәтижесін көрсетуде. Мысалы, Ұлыстағы ру басыларынан тағайындалатын, қолында өскери де азаматтық та билігі тәң болатын Вэн-Хоу лауазымының Қытай иероглифіндегі жазылуы мен оқылуының Қушан империясындағы (Даюз-жилер күрган) Вэн-Хоу лауазымымен бірдейлігін және оның Қушан тәнгелерінде «Явиго» деп жазылғандығын негізге ала отырып, көпшілік ғалымдар бұл үйсіндік атауды ескі түркі ескерткіштеріндегі «Ябгу» немесе «Жабгу» лауазымымен тенестіреді<sup>4</sup>. Жапон галымы Сиратури. Куракити ескі Қытай иероглифтерінің оқылу заңдылықтарына сүйене отырып бағырығы үйсіндік есімдер мен лауазымдарын қоңе түркі тіліндегі мағынасын ашуға талпынған. Оның зерттеуінше Сан Зу — қоңе түркіде Шад; Лие-Жияу-Ми — Алыпби; Жүн-Шүи-Ми — Күшлікби; Фулими — Бөріби, тағысын тағылар<sup>5</sup>.

Ескі Қытай деректерінде Үйсін ұлысында мемлекеттіліктің көрінісі ретінде қайнаған саяси өмір тұрады мол мәлімет бар. Онда елдегі әр түрлі жіктер арасындағы қайши-

лық, билеушілер арасындағы өзара қырқыс, халықтың наразылық толқулары, Сарай тәңкөрісі, тағы басқа оқиғалар айтылады.

Ал, археологиялық қазба зерттеулер ежелгі Үйсін қоғамында халықтың әр түрлі әлеуметтік жікке бөлінгенін, жеке меншіктің және тенсіздіктің болғанын айқын көрсетеді, Қазақстан мен Шығыс Түркістанның Іле аңғарындағы Үйсіндерден қалған мындаған обалар айқын 3 типке бөлінеді. Біріншісі — аумағы 50—80 метр, биіктігі 8—12 метр келетін үлкен топырақ обалар, Жетісу дағы Үйсіндерден қалған мындаған обалар айқын 3 типке жатады (булар ақыреттік асыл заттарға өте бай келеді, оларда алтын өшекейлер, сөндік қола бүйімлар, аң суреті бейнесіндегі өсемдік бүйімдар, кару-жараптар, қыш және ағаш ыдыстар молынан кездеседі); екіншілері — диаметрі — 15—20 метр, биіктігі 1 метр шамасындағы орташа обалар, мысалы, Жетісу дағы Қаратума, Қызылауыз, Өтеген, Шығыс Түркістандағы Қаратөбе, Темірлік, Шаты обалары (булар ақыреттік асыл заттарға тым бай емес, қола бүйімдар, қыш-ағаш ыдыстар, аздағ алтыннан жасалған өсемдік заттар сондай-ақ темірден жасалған кару-жараптар және құрал-саймандар көзігеді); үшіншілері — шағын үймелер, бұлардың саны ең көп, диаметрлері 5—10 метр, биіктігі 30—50 сантиметрден аспайды, қабірлерінде ақыреттік заттар өте аз, бірнеше ыдыс, темір пышак, қола өшекейлер болады, кару-жарап болмайды. Демек, ірі обаларда үлкен менишік иелері — билеуші-шонжарлар, бай-манаптар жерленген. Орташа обаларға дербес шаруашылық ұстаған орташа дәүлеттілер мен ерікті енбеккерлер жерленген. Ал кіші обаларға кедей-кепшік, құлкүндер, басыбайлы малышлар мен егінші-қолонершілер жерленген деп пайымдауга болады<sup>6</sup>.

Деректемелерде Үйсін қоғамында

4 — Ий Ташань: Сэй-Жүн-Шы-Янь-Жю. (Сақтар тарихы туралы зерттеулер) Пекин, 1992, 140-6.  
5 — Сиратори Куракити: У-Сунь-Кау. (Үйсін туралы) қара: Шинжан және Орта Азия археологиясы туралы мақалалар жинағы) Үрімші, 1985, 8-6.

6 — Акишев К. А., Күшәев Г. А: Древняя культура саков и усуней долины реки Или. А., 1963, с. 271; Археология СССР. Степная полоса Азиатской части СССР в скіфо-сарматское время. изд. «Наука», М., 1992, с. 81; С. Сұңғатай: Ілеңің жоғары аңғарының айқындағы ежелгі Үйсіндердің археологиялық мәдениеті. Шинжан қоғамдың ғылыми. 1995, № 1, 49-6.

жер мен мал-мұлікке жеке меншіктің мықтап орнағаны туралы айқын жазылған. Үйсін байларында төрт-бес мыңнан жылқы болған, олар жылқыларына өз ру-тайпала-рының таңбаларын басқан, жылқы байлықтың өлшемі саналған. Деректемелерде тағы да Үйсін билеушілерінде алтыннан және күмістен жасалған мөр-таңбаларының болғандығы туралы жазылған. Ол — лауазымды кіслердің қолындағы биліктің символы есепті, Жетісудағы Үйсін бейттерінен балшық мөрлөрдің табылуы Үйсін қоғамында мөрдің аксүйектердеғана емес, кара-пайым адамдарда да болғандығын көрсетеді<sup>7</sup>. Демек, Үйсін ұлысында біршама күрделі әлеуметтік қатынастар орнаған және Үйсін қоғамы жогары мемлекеттік деңгейде өмір сүрген.

Қазіргі казак, жапон, қытай тарихнамасында ежелгі Үйсіндердің шығы тегінің түркілік екендігі және оның бүтінгі қазақ халқының этникалық қайнар бастауының бірі екендігі туралы пікір орнығуда.

«Ежелгі Үйсін жері» деген тіркес (көне Қытай тілінде «У-Сунь-Гу-Ди», немесе «У-Сунь-Жю-Ди») Қытайдың тарихи жылнамаларында жиі кайталанады. Ол географиялық жағынан Жетісу өлкесі мен Ыстыққол маңы және Шығыс Туркістаның солтустігі мен батысын мензейді. Қытай жылнамаларында Естемій (Естемес) қаған Батыс Турк қаганатының ордасын «Ежелгі Үйсін жерінде құрды» деген естеліктер көп жерден көздеседі<sup>8</sup>. Осынау «Ежелгі Үйсін жері» — сонау қола, Сак заманынан бері қошпелілер мәдениеті мен өмір салтының және шаруашылық түрінің пайда болып, қалыптасқан күтті бесіктерінің бірі. Қазактардың аргы ата-бабаларын ежелгі заманнан қазірге дейінгі барлық тарихи кезеңдерде құрған Қазақ даласындағы біртұтас мемлекеттіліктің үйткысы ретіндегі көптеген тарихи мемлекеттік құрылымдар ордасының кілең осы өлкеде ту тігіп

отырыуы тегіннен тегін емес. Өйткені мемлекеттіліктің орталығы солтустіктегі қуандалалық өлкеден «Ежелгі Үйсін жері» іспетті гео-стратегиялық жағдайы қолайлы жерлерге орнығы дәстүрі қалыптасқан. Демек, арилдік аймақтың ерекше шарт жағдайына байланысты ежелгі заманнан қалыптасқан қазақ кешпелі мемлекеттілігінің негізі болып табылатын «дала-қала» жүйесі дәл осы дәстурден бастау алады. Айталық аталған өнірде Үйсін ұлысының тарихи ізашары болған, жогары оркениет жаратқан Сак қауымдастығын айтпағанның өзінде, Үйсін ұлысының ізін басқан Батыс Турк қаганаты, Түркеш және Карлук қаганаттары, Қарахан мемлекеті, Қазақ Хандығы. Былайша айтқанда, Еуразия кешпелілеріңде мемлекеттіліктің ең кемелді, классикалық үлгісі болған Турк қаганатының мемлекет басқару жүйесі зан-жарғысы, мемлекеттілік тәуелсіздік тұжырымдамасы ежелгі Үйсін ұлысынан бастау алып, қалыптасып, кейінгі Қазақ Хандығына дейін жалғасып келген.

7 — Максимова А. Г.: Цепочка курганов из могильника Қараша 1. в книге (По следам древних культур Казахстана. А, 1970, с. 121).

8 — Сүи-Шу. Ши-Ту-Жюе-Чкуань. (Сүи империясының тарихы. Батыс түріктердің шежіресі 34-т. б.)